



**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен
(03.06.2022 ж. №4 шешімі)
БЕКІТІЛДІ**

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің жаңадан
сайланған мүшелерін лауазымға
енгізу бағдарламасы**

Қарағанды - 2022

1. Жалпы ережелер

1.1. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметімен және негізгі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ Қоғамның қызметін регламенттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілермен таныстыру тәртібін айқындайды.

1.2. Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның жарғысына және Директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін өзге де құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.3. Қоғамда Директорлар кеңесінің мүшелерін қоғамның қызметімен, оның ішінде құрылымды, іскерлік практикасын және корпоративтік басқару практикасымен барынша жедел, толық және тиімді таныстыру қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам қызметінің сипатын, Директорлар кеңесінің басқару жүйесіндегі рөлін, өз құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Директорлар кеңесі жұмысының ережелері мен рәсімдерін түсінуін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшесін Қоғамның даму жоспарларымен, қызметінің негізгі көрсеткіштерімен және қаржылық есептілігімен таныстыру;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасының мүшелері арасындағы байланысты қамтамасыз ету.

2. Лауазымға енгізу тәртібі

2.1. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу Жалғыз акционер сайлаған кезден бастап бір айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

2.2. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу процесінде жәрдем көрсетеді.

2.3. Лауазымға кіріспе келесі іс-шаралардан тұрады:

1) Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы бұйрығымен танысу;

2) Қоғам, Директорлар кеңесі, Қоғам жұмыс істейтін сала және оның бәсекелестік ұстанымдары туралы ақпаратты танысу үшін қосымшаға сәйкес ұсыну;

3) Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен танысу.

2.4. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Жалғыз акционердің сайлау туралы бұйрығымен таныстыруды Корпоративтік хатшы осы құжатты ілеспе хатпен бірге Директорлар кеңесінің мүшесі үшін қолайлы тәсілмен жіберу арқылы жүзеге асырады.

2.5. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесін Қоғам және Директорлар кеңесі туралы ақпаратпен таныстыру мақсатында Корпоративтік хатшы қосымшаға сәйкес құжаттар топтамасын қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің мүшесіне алдын ала келісілген тәсілмен жібереді.

2.6. Қоғаммен, Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің танысуы мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

- жұмыс барысымен таныстыру және жұмыс ерекшеліктерін, басқа да мәселелерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің Төрағасымен, Директорлар кеңесінің басқа да мүшелерімен жеке кездесулер өткізу;

- Басқарма Төрағасы-Ректормен және Басқарма мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жекелеген басшыларымен кездесулер;

- Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесу;

- Корпоративтік хатшымен кездесулер және тұрақты өзара іс-қимыл жасау.

2.6. Директорлар кеңесі мүшесінің сұрау салуы бойынша Корпоративтік хатшы оған Директорлар кеңесінің және оның комитеттері жұмысының мәселелері бойынша, оның ішінде:

1) Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін іске асыру, жауапкершілік мәселелері бойынша түсіндіру;

2) Директорлар кеңесінің отырысын дайындау және өткізу рәсімі;

3) Директорлар кеңесі комитеттерінің және Басқарманың Директорлар кеңесі алдындағы есептілігі;

4) Директорлар кеңесінің мүшесін қызықтыру процесінің қысқаша сипаттамасы;

5) Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасында болған өзгерістер туралы хабардар ету.

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
жаңадан сайланған мүшелерін
лауазымға енгізу
бағдарламасына қосымша**

**Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне
ұсынылатын құжаттар тізбесі**

№ р/с	Қажетті ақпарат	Дереккөз
1	2	3
1	Қоғам туралы ақпарат	Қазақстан Республикасының Заңдары: «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», Эмитенттің ақпаратты ашу ережесі, акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгі кодексін бекіту туралы бұйрық, Қоғамның Жарғысы, Қоғамның даму стратегиясы, Даму жоспары, сыртқы аудиторлардың соңғы 3 жылдағы есептері және т. б.
2	Қоғамды корпоративтік басқару практикасы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі, Қоғамның Жарғысы
3	Жалғыз акционердің рөлі	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, Қоғам жарғысы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі
4	Директорлар кеңесінің рөлі	Қоғамның Жарғысы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер, Директорлар кеңесінің және комитеттердің ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары
5	Директорлар кеңесінің құрамы	Директорлар кеңесі мүшелерінің координаттары (телефоны, электрондық пошта мекенжайы) бар қысқаша өмірбаяны, Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамындағы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің мүшелігі туралы анықтама
6	Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заң, Қоғам Жарғысы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже

7	Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырысы туралы ақпарат	Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарлары
8	Басқарманың рөлі: ұйымдық құрылымы, құзыреті, жұмыс тәртібі	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заң, Қоғамның Жарғысы, Басқарма туралы ереже, ұйымдық құрылымы
9	Басқарманың құрамы	Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қысқаша өмірбаяны, көрсетілген тұлғалардың байланыс деректері (телефон, электрондық пошта мекенжайы, кеңсе нөмірі)
10	Органдардың құзыреті және олардың арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі	Қоғам жарғысы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқарма туралы ереже, Ішкі аудит қызметі туралы ереже
11	Ішкі аудит қызметі	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заң, Қоғам Жарғысы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексі, Ішкі аудит қызметі туралы ереже, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы тағайындау тәртібі, мөлшері және төлеу шарттары туралы ереже, Ішкі аудит қызметінің ағымдағы жылға арналған жылдық жұмыс жоспары, ішкі аудит қызметінің өткен жылғы есебі және т. б.
12	Ішкі аудит қызметінің басшысы және қызметкері туралы ақпарат	Ішкі аудит қызметі басшысының және қызметкерінің қысқаша өмірбаяны, көрсетілген тұлғалардың координаттары (телефон, электрондық пошта мекенжайы)
13	Корпоративтік хатшы	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, Қоғам Жарғысы, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Корпоративтік хатшы туралы ереже, координаттар (телефон, электрондық пошта мекенжайы, кеңсе нөмірі).

Ескертпе:

Құжаттар бар болған жағдайда ұсынылады, жоқ құжаттар белгіленген тәртіппен бекітілуіне қарай қосымша ұсынылады.